

**«Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамы Басқармасының 2022 жылғы 16 маусымдағы шешімімен бекітілген «Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамында дербес деректерді жинау, өңдеу және қорғау жөніндегі саясатқа өзгерістер мен толықтырулар**

**1.** 4-тармақ мынадай мазмұндағы 16) және 17) тармақшалармен толықтырылсын:

«16) **Дербес деректер қауіпсіздігінің бұзылуы** – берілетін, сақталатын немесе өзге де түрде өңделетін дербес деректердің заңсыз таралуына, өзгертілуіне және жойылуына, санкцияланбаған таралуына немесе оларға санкцияланбаған қол жеткізуге алып келген дербес деректер қорғалуының бұзылуы»;

«17) **Цифрлық құжаттар сервисі** – ақпараттандыру объектілерінен мәліметтер негізінде қалыптастырылған электрондық түрдегі құжаттарды көрсетуге және пайдалануға арналған «электрондық үкіметтің» ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым объектісі»;

**2.** 18-тармақ мынадай мазмұндағы 11-1) тармақшамен толықтырылсын:

«11-1) киберқауіпсіздік бөлімшесін дербес деректер қауіпсіздігінің бұзылғаны туралы дереу хабардар етеді»;

**3.** Мынадай мазмұндағы 26-1-тармақпен толықтырылсын:

«26-1. Қорда иммигранттардың жеке басын куәландыратын құжаттарды қоспағанда, цифрлық құжаттар сервисі арқылы қалыптастырылатын жеке басын куәландыратын құжаттарды пайдаланған және ұсынған жағдайларда қағаз жеткізгіштегі жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелерін жинауға және өңдеуге тыйым салынады.»;

**4.** 31-тармақтың 7) тармақшасы мынадай мазмұндағы он бірінші абзацпен толықтырылсын:

«- дербес деректерді қорғау саласындағы уәкілетті органға осындай бұзушылық туралы хабарлаған дербес деректерді өңдеуді ұйымдастыруға жауапты адамның байланыс деректерін көрсете отырып, дербес деректер қауіпсіздігінің бұзылғаны туралы бір жұмыс күні ішінде хабардар ету».